



ТУРИСТЕРГЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

**ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен
Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде еңбек қауіпсіздігін сақтау
және еңбек саласын цифрландыру, туристерге қолайлы жағдай
жасау мәселелері талқыланды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек
Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.**

Үкімет отырысынан соң аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте жұмысшылардың құқықтарын қорғауға, шетел азаматтарының елде болу кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты тапсырмалар жүктелді.

«Инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын мердігер мекемелер жұмыскерлермен еңбек шартын жасасуы тиіс. Мекемелер мен кәсіпорындарда жалақының уақытлы төленуін бақылап, еңбек дауларының алдын алуда тұрақты мониторинг жүргізу маңызды. Жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарттарын жедел жасап, бұл жұмысты қатаң қадағалауға алыңыздар. Ұжымдық шарттар жасасу ісін жандандырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіңіздер.

Шетел азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде туристік полиция бөлімшесін ашу мүмкіндігін зерделеу керек. Өңірге келуші туристерге

қызмет көрсету сапасын арттыру, қонақүй, мейрамхана бизнесіндегі сервистік қызметті жетілдіру, гидтерді даярлауда үздік мамандарды қаптыстырып семинар-тренингтер ұйымдастыруды қамтамасыз етіңіздер», – деді Н. Нәлібаев.

Аймақта еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2 856 кәсіпорынмен жұмыс жүргізіліп, 222 жұмыс беруші 7 мыңнан астам жұмыскермен жазатайым оқиғалардан сақтандыру шартын жасасты. Бүгінде облыстың 4 379 кәсіпорнындағы 139 481 жұмыскердің еңбек шарты «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне» енгізілген. Жалпы құны 1 трлн 100 млрд теңге болатын 43 жоба «Жобалардың инновациялық навигаторы» платформасына тіркелген. Биыл қолға алынған 24 жоба аясында мердігер мекемелер мен жұмыскерлер арасында еңбек шарттарының жасалуына тұрақты мониторинг жүргізілуде.

ВИЦЕ-МИНИСТР СЫР ЕЛІНДЕ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқар Биахметов Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді.

Вице-министр жұмыс сапарын облыс әкімдігінде еңбек нарығының жағдайы туралы мәжіліс откізуден бастады. Мәжіліске Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, орталық атқарушы органдардың аумақтық департаменттері, облыстық басқарма басшылары және өңірдегі әлеуметтік сала қызметкерлері қабысты. Өңіріміздегі жұмыспен қамту саласында 2024 жыл қорытындысы және 2025 жылдың 5 айындағы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жұмабекұлы баяндады.

Вице-министр 2024 жылдың қорытындысымен Қызылорда облысы бойынша Өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде белгіленген барлық индикаторлардың артығымен орындалғандығын және республика бойынша алғашқы үштікте екендігін атап көрсетті. Одан бөлек, Асқар Биахметов еңбек нарығындағы жаңалықтар ретінде мемлекеттік инвестициялардың тиімділігін арттыру мақсатында енгізілген «Инновациялық жобалардың навигаторы» (ИЖН) цифрлық платформасымен және Еңбек тәуекелдері картасымен таныстырды.

Мәжіліс қорытындысымен вице-министр тиісті басқармалар мен аудан, қала әкімдеріне еңбек қатынастарын заңдастыру, көлемкелі экономикадан шығару арқылы халықтың әлеуметтік тұрғыда қорғалуын ұйымдастыру бағытындағы жұмыстарды жандандыру,



электронды еңбек биржасы арқылы жұмысқа орналасқан азаматтардың еңбек шарттарының уақытылы жасалуын, міндетті зейнетақы жарналарының мерзімінде аударылуын қамтамасыз етуді, жұмыс берушілер тарапынан жалған жұмысқа орналастыру әрекеттерінің болу деректеріне талдау жүргізіп, тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Сондай-ақ, вице-министрі аймақтың әлеуметтік-еңбек қатынастары мен өндірістік саласының дамуына қатысты бірқатар маңызды нысандарды аралады. Атап айтқанда,

А.С. Биахметов Қызылорда шыны зауытына, «Қызылорда Саз-М» ЖШС заманауи кірпіш зауытына және Қызылорда қаласындағы жаңа жылу электр орталығына барды. Кездесу барысында вице-министр кәсіпорын ұжымдарымен кездесіп, еңбек жағдайлары, өндірістік қауіпсіздік, жұмысшылардың әлеуметтік құқықтарын қорғау мәселелеріне назар аударды. Сонымен қатар, жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелерін талқылап, еңбек қатынастарын жетілдірудің өзекті бағыттарын атап өтті.

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚЫТАЙЛЫҚ ИНВЕТОРЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қытайлық инвесторлармен кездесіп, өңірде
шыны талшық өндіру зауытын және күн электр станциясын салу жобаларын
талқылады. Аймақ басшысы облыстың бұл бағытта айтарлықтай әлеуетке ие
екенін атап өтті.**



Облыс аумағында шыны талшық өндірісін толық көлемде іске қосу үшін қажетті минералды шикізаттың бай қоры бар. Бұл өндіріс үшін кварц құмы, бор ангидриді, сода, натрий сульфаты, калий, әктас, доломит, магнезит, глинозем, қорғасын оксидтері сияқты шикізаттар қажет. Осы минералдардың барлығы облыс аумағында қолжетімді», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақтың географиялық орналасуы мен климаттық жағдайы күн мен жел энергиясын молынан өндіруге мүмкіндік береді. Бүгінде облыста жалпы қуаты 89 МВт болатын 9 күн-электр станциясы жұмыс істейді. Оның үшеуі шетелдік инвесторлардың қатысуымен салынған. Қуаттылығы 201,5 МВт болатын тағы 6 жоба қолға алынған. Мамандардың айтуынша, облыста күн энергиясының әлеуеті жылына 32 триллион кВт/сағат, ал жел энергиясы 2,7 триллион кВт/сағат. Күн сәулесінің түсу ұзақтығы орта есеппен 3000 сағатқа дейін жететінін

ескерсек, бұл бағытта жаңа жобаларды жүзеге асыруға өте қолайлы жағдай қалыптасқан.

Аймақ басшысы қытайлық инвесторларға жобаларды орналастыру үшін «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағын ұсынды. АЭА қатысушыларына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірқатар салықтық және келендік жеңілдіктер беріледі. Оларды корпоративтік табыс салығы, келендік баждар, жер және мүлік салығынан, жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемакыдан босату қарастырылған.

Бұдан бөлек, мемлекет жобаларды іске асыру үшін қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді және кейіннен сатып алу құқығымен жер учаскесін тегін жалға береді.

Кездесу соңында аймақ басшысы әкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ ӨТТІ

«Өнер орталығында» Қызылорда қаласының астана болғанының ғасырлық мерекесіне, Қазақстанның Халық артисі, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Ақ жауын» мемлекеттік камералық оркестрінің концерті өтті.

Шығармашылық кешті облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, аймақтың өнерсүйер жұртшылығы тамашалады. Концерт «Ақ жауын» камералық оркестрінің орындауында Секен Тұрысбековтің «Ұлы дала» шығармасымен ашылды. Аймақ басшысы құттықтау сөз сөйлеп, оркестр ұжымына шығармашылық табыс тіледі.

Кеште Құрманғазының «Ақсақ крік», «Қайран, шешем», Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғауы», «Боорланшарым», Дина Нұрпейісованың «Әсем қоныр» күйлері орындалды. Жүректің нәзік қылын шертетін күші бар, тыңдаушысын ой мен сезім тұңғышына тартатын туындылары тыңдауға келген көрерменнің қошеметі ерекше болды.

Шығармашылық кеште өнер көрсеткен Секен Кәрімұлына және барша таланттарға облыс әкімінің ықылас гүлі табысталды.



АҚЕРКЕ ЖҰМАДИНОВА – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Түркия Республикасының Бурса қаласында қоян-қолтық ұрыстан өткен әлем чемпионатына 32 елден 300-ге жуық спортшы қатысты. Қазақстан намысын қорғаған Жұмадинова Ақерке «өзін-өзі қорғау» түрінен 50 кг салмақ дәрежесінде әлем чемпионы атанды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі ақпарат алаңында Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері, қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионы Ақерке Жұмадинова мен жаттықтырушы Нұрлан Естеровтың айтыты.

- Қоян-қолтық ұрыс спортымен айналысып жүргеніме бір жылдан асты. Бұған дейін дзюдо, самбо және казакша күрес түрлерімен айналысып, мол тәжірибе жинадым. Бұл спорт түрлері менің техникамды жетілдіріп, шыдамдылық пен төзімділікке баулыды. Әлем чемпионатына ұзақ және тыңғылықты дайындық жүргізілді. Чемпионатта 50 кг салмақ дәрежесінде бақ сынадым. Бұл салмақ дәрежеде 10-нан аса мықты спортшы қыздар жарысқа түсті. Қарсыластарымның барлығы жоғары деңгейдегі шеберлер болды. Дегенмен үздіксіз дайындықтың, табандылықтың және қажырлы еңбектің нәтижесінде мен жеңіске қол жеткіздім. Алдағы уақытта да осы бағыттағы еңбегімді жалғастырып, шеберлігімді арттыра бермекпін. Елімнің намысын әлемдік ареналарда бабыроймен қорғау - басты мақсатым, - деді Ақерке Бауыржанқызы.

Қоян-қолтық ұрыстың төрт түрі бар. - Олар: спорттық қоян-қолтық ұрыс, армиялық қоян-қолтық ұрыс, толық түйіспелі қоян-қолтық ұрыс және кейін қосылған өзін-өзі қорғану түрі. Ақерке әлем чемпионатына дейін де көптеген спорттық жарыста жүлделі орындарды иеленіп, тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсетіп жүрді. Әлем чемпионатына дайындық ұзақ әрі жүйелі түрде жүргізілді. Жарысқа іріктеу кезеңі ақпан айында өтті, сол кезде Ақерке бас жүлдені иеленіп, чемпионатқа жолдама алды. Өр кезеңде спортшының техникасы мен физикалық дайындығы барынша шыңдалды, тактикалық дайындыққа ерекше көңіл бөлінді. Ақеркенің еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында осындай жоғары жетістікке қол жеткіздік, - деді Нұрлан Естеровтың.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды.
Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007**

6 айға – 2800 теңге;

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар
арқылы ала аласыздар: 8(7242)
27-85-75; 8-7059827661,
8 777 752 54 63.**



СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде егіс алқаптарын суармалы сумен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Оған қала және аудан әкімдері, сала басшылары қатысты.

«Егіс алқаптарын суармалы сумен қамтуды күнделікті бақылауда ұстау керек. Су ресурстарын ұтымды және үнемді пайдалануға бағытталған шараларды күшейтіңіздер. Бұл ретте су үнемдеу технологияларын қолдану, егін алқаптарын кезектестіріп суару, лазерлік тегістеу әдістерін кеңінен енгізу секілді тиімді тәсілдерге басымдық берілуі тиіс», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, су қоймаларына жиналған, жоғарыдан келетін су көлемінің болжамына сәйкес, биыл 3,9 миллиард текше метр су лимиті белгіленген. Оған сәйкес, ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы көлемі 193,7 мың гектар, оның ішінде күріш көлемі 80,9 мың гектар.

Маусымның 5-сіндегі жағдай бойынша Сырдария өзенінен 955 миллион текше метр су алынған, соның 790 миллион текше метрі егістікке берілген.

Сырдария өзенінің суын тиімді пайдалану үшін бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 357 насос қондырғысы дайындалып, бүгінде оның 162-і қосылған. Су үнемдеу мақсатында магистральді және шаруашылық каналдарымен су кезектестіріліп беріледі. Күріш егістігін лазерлік тегістеу жұмыстары да жүргізілуде, бүгінде оның көлемі 60 мың гектарға жеткен. Су үнемдеу технологиялары бойынша жұмыстар 9,2 мың гектар аумақта жүзеге асырылуда.

ОБЛЫС ӘКІМІ «САУТС ОЙЛ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Саутс ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжановпен кездесті. Кездесуде бірлесіп атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар сөз болды.

«Күн сайын жаңарып, жасарған Сыр өңірінің жаңа келбетіне көрік берген музыкалық колледждің жаңа ғимаратын салуға демеушілік жасап, қолдау көрсеткеніңіз үшін барша Сыр жұртшылығының, өзімнің атымнан шынайы ризашылығымды білдіремін. Ел игілігі жолындағы барлық бастаманызға сәттілік тілеймін. Алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс атқарамыз деп сенемін», – деді Н.Нәлібаев.

Сол жағалаудан жаңадан ашылған музыкалық колледждің



ғимаратында студенттерге барлық жағдай жасалған. Үлкен концерт би залдары, хор бөлмесі бар. Кең музыкалық пәндік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Барлық материалдық-техникалық базасы

заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекендерден келген жас өрендерді қабылдауға дайын.

Мемлекет басшысының «Туған жерді бірге түлетейік!» үндеуі аясында кәсіпкер-

меценаттар, қоғамдық қорлар бастамаларға белсенді араласып, Сыр өңірін көркейтуге өз үлестерін қосуда. Бүгінде аймағымызда демеушілікпен 55 млрд. теңгеден астам қаржыға жаңа жобалар жүзеге асуда.

МЕН ДАЛАНЫҢ ҚЫЗЫМЫН

Сыр елінде Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, «Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы әртісі Бағдат Сәмидинованың «Мен даланың қызымын!» атты шығармашылық кеші өтті. Белгілі өнші, тамаша талант иесі Бағдат Сәмидинованың киелі сахна төріне шығып, қазақ өнеріне үлес қосып келе жатқанына 50 жыл толып отыр.

Кеште облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Қуантқанұлы Жанұзақов аймақ басшысының арнайы құттықтауын жеткізіп, құрмет көрсетті. Қазақ тарихының, өнерінің дара тұлғаларын, көптеген сахна саңлақтарын дүниеге әкелген қызырлы Қызылордаға өзіне тән дара жолы, ерек дарыны бар Бағдат Сәмидинова әннен шашу шашып, ел жадында жатталған есті әндерді орындады.

БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Қала әкімі Нұржан Ахатов кадрлық өзгерістерге байланысты өткен актив отырысында қалалық құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімдерінің басшыларын таныстырды. Бірыңғай конкурстық комиссияның қорытындысы негізінде қала әкімінің өкімімен Файзуллаев Жәнісбек Исламұлы қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Жәнісбек Исламұлы 1992 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін 2014 жылы «Құрылыс» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын Қызылорда қалалық құрылыс бөлімінде маман ретінде бастаған.

2015-2022 жылдары Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасында бас маман,

2022-2024 жылдары Сырдария ауданы мен Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімдерінің,

2024 жылдан бастап қалалық құрылыс бөлімінің басшысы қызметтерін атқарып келді.

Ал, бұған дейін осы бөлімге жетекшілік жасаған Мақсат Өмірбекұлы «Қызылорда тазалығы» кәсіпорнының директоры болып тағайындалды. Сонымен қатар, бірыңғай конкурстық комиссияның қорытындысы негізінде қала әкімінің өкімімен Әнуар Айдын Серікұлы қалалық құрылыс бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды.

Айдын Серікұлы 1990 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. 2014 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Құрылыс» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын 2008 жылы жеке құрылыс мекемесінде техника-жобалаушы болып бастап, әр жылдары бас инженер, директор қызметтерінде болған.

2020-2024 жылдары Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, облыстық жұмылдыру басқармасының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығының» басшысы, Қызылорда қалалық құрылыс бөлімінің басшысы, 2024 жылдан бастап Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары лауазымын атқарып келді.

ОТБАСЫЛЫҚ ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫ АШЫЛДЫ

Қазалы ауданында 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау және Экологтар күні аясында Қазалы мәдени-демалыс кешеніндегі Отбасылық демалыс саябағы ашылды. Жалпы аумағы 20 гектарды құрайтын абаттандыру және құрылыс жұмыстары жүргізілген бұл кешенге жергілікті бюджеттен қаржы бөлінумен қатар, аудан кәсіпкерлері тарапынан демеушілік жасалды.

Отбасылық демалыс саябағының ашылу рәсіміне аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет пен зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, ел ағалары және аудан тұрғындары мен қонақтар қатысты. Шараға қатысушы қонақтар алдымен салтанатты түрде саябақтың лентасын кино рәсіміне қатысып, мәдени-демалыс кешенді аралады. Мәдени-демалыс кешен «Жеңіс» саябағы және Отбасылық демалыс саябағы сынды екі бөліктен тұрады. Онда «Даңқ», «Тағзым», «Киелі қазақ елі», «Ғашықтар» аллеялары және тамақтану орындары, спорт және балалар ойын алаңдары, аттракциондар, аквапарк, жасанды көлшік сынды нысандар жұмыс жасауда. Кешендегі «Тағзым» аллеясында қазақ халқының тарихын, батыр бабаларымыздың жүріп өткен ерлік жолын бүгінгі ұрпаққа үлгі ету, дәріптеу мақсатында тарихи-мемориялық ескерткіштер орналастырылған.

Сонымен қатар кешенге көгалдандыру және экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында түрлі жеміс ағаштарымен

қатар қарағай, ақкайың, туя, үйеңкі, катальпа, сыр талы сынды 20 мыңға жуық ағаш көшеттері отырғызылды. Саябақты аралаудан кейін аудан басшысы мерекелік шарада жиналған қауымды абаттандыру және құрылыс жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға беріліп жатқан саябақтың ашылуымен құттықтады.

– Бүгінде Қазалы ауданында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру аясында жасыл желектерді көбейту, аудан орталығының озық сәулеттік үлгісін қалыптастыру, заманауи келбетін айшықтау мақсатында көшелердің бойын, көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын, қас беттерін және саябақтар мен мәдени демалыс орындарын абаттандырудамыз. Ауданымыздың сәулеттік келбеті күн сайын жаңарып келеді. Баршаның бүгінгі аудан орталығындағы 40 жылдық тарихы бар саябақтың қайта жаңғырып, керемет мәдени-кешен, отбасылық демалыс саябағының



ашылуымен құттықтаймын! Заманауи талаптарға сай жабдықталған саябақ ендігі аудан тұрғындарымен қонақтарының салауатты өмір салтын ұстануына, отбасы мүшелерімен бірге тиімді уақыт өткізуіне мүмкіндік береді. Жаңа асем, заманауи кешеннің құрылысын сапалы жүргізіп, мерзімінде ел игілігіне пайдалануға берген – «Каз Элит Строй Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесі ұжымына және саябақтың абаттандыру және құрылыс жұмыстарына атсалысқан барша азаматтарға аудан жұртшылығының, Өзімнің атымнан шынайы алғысымды білдіремін, – деді аудан әкімі.

Мұнан соң саябақтың

абаттандыру және құрылыс жұмыстарына атсалысқан бірқатар азаматтарға аудан әкімінің «Алғыс хаты» табысталды. Мерекелік шарада аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов пен Қазалы ауданының Құрметті азаматы Қасқырбай Әлімбай сөз сөйлеп, аудан орталығында осындай керемет демалыс орнының ашылуына үлес қосқан барша азаматтарға шынайы алғыстарын жеткізді.

Мерекелік құттықтаулардан кейін, саябақтың жаңаша келбетін кіргізіп тұрған ең үлкен аттракцион іске қосылды. Сондай-ақ саябақтың ашылуына жиналған жұртшылық аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашалады.

БАЛА ӨМІРІ – БІЗДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жаз мезгілі басталысымен балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс. Өткен жылы балалардың терезеден құлауының 16 жағдайы тіркеліп, 17 бала түрлі жарақаттар алған. Балалардың терезеден құлау фактісінің басты себебі ата-аналардың балаларды бақылаусыз қалдыруы, терезеде уақытша бейіктікші торлардың болмауы, балалардың терезе алдында оқиықша болып отыр,- дейді мамандар. Осыған орай аймақта «Терезе» жедел алдын-алу шарасы өз жұмысын бастады. Бұл туралы ТЖД төтенше жағдайларды алдын-алу басқармасының бастығы Бейбітхан Спанов пен көпбейінді облыстық балалар ауруханасының травматолог дәрігері Жәнісбек Карбозов айтты.

– Қызылорда облысы бойынша балалардың көпқабатты тұрғын үйлердің терезелерінен құлап жардап шегуін немесе қаза болуын болдырмау мақсатында үгіттеу-түсіндіру жұмыстарын жүргізілуде. Сонымен қатар қала аумағында орналасқан көпқабатты тұрғын үйлердің және мини-маркет, сауда орындарының кіре беріс есіктерінің тұсына түсіндірме парақтары ілініп, тұрғын үй ауласында ескерту,

түсіндіру іс-шаралары жүргізілуде. Осындай жағдайларды болдырмау бағытында «Терезе» жедел алдын-алу шарасы жолға қойылды. Мақсат біреу. Балардың денсаулығы бәрінен де маңызды. Оған бәріміз де жауапкершілікпен қарауымыз керек. Әсіресе, тұрмысы төмен отбасыларда тұратын балалардың қауіпсіздігіне баса мән беріліп отыр. Біз мұндай отбасылардың тұрғын үйлеріндегі терезелерге



қорғаныш құрылғыларын орнатуды жоспарлап отырмыз.

Профилактикалық жұмыс жүйелі түрде жалғасын табады,- деді

Бейбітхан Оразайұлы. 2025 жылдың алғашқы бес

айында қайғылы жағдайлар тіркелген жоқ.

– Бұл балалар қауіпсіздігі бағытындағы алдын алу шараларының тиімді жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Алайда, осы кезеңде 1415 бала түрлі себептермен стационарлық ем қабылдады. Осындай жағдайлардың орын алуы сыртқы ортаның қолайсыздығы мен ересектер тарапынан бала қауіпсіздігіне немқұрайлы қарауынан болуда. Әрбір ата-ана мен ересек адам баланың өмірі мен денсаулығына жауапты екенін ұмытпауы керек. Жарақат алу қаупі бар жағдайларды дер кезінде анықтап, жою біздің ортақ міндетіміз. Балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, оларға үнемі бағыт-бағдар беріп отыру ең алдымен ата-ананың құзырындағы жауапкершілік,- деді Жәнісбек Карбозов.

ЖАҢАҚОРҒАНҒА ВИЦЕ-МИНИСТРІ КЕЛДІ



Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Су ресурстары және ирригация вице-министрі Нұрлан Алдамжаров өткен демалыс күндері Жаңақорған ауданында

болды. Ауданға жасаған жұмыс сапары барысында вице-министр Жаңақорған ауданының шаруашылық құрылымдарымен егістік басында кездесті.

Кездесу барысында аудан әкімі Мажит Самитов өңірімізде қалыптасқан су тапшылығының алдын алу үшін ауданда арнайы штаб құрылып, шаруашылық

егістіктерін аралағандығын және шаруашылық құрылымдарына түсіндірме жүргізіліп күріш алқаптарын кезектесіп суғару тәсіліне көшіп жатқандығы жөнінде айтып өтті.

Аудандық су шаруашылығы өндірістік учаскесінің басшысы А.Ахметов егілген күріш көлемін қазіргі су жағдайына кезектесіп суғару пикеттер арқылы жүзеге асырып жатқандығы жөнінде баяндады. Вице-министр Нұрлан Жанұзақұлы шаруашылық иелеріне орын алып отырған су жағдайын тереңірек түсіндіріп су үнемдеудің негізгі жолы егістік жерлерді лазерлі тегістеуден өткізу қажеттілігін айтып өтті. Тегістеуден өткен жерлерге шығын болған су көлемдерін 85 пайызға дейін субсидиялау тетіктерін бүгінде министрлік арқылы қарастырылып жатқандығын жеткізді.



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫН САТҚАНДАРҒА АЙЫППҮЛ САЛЫНАДЫ

Ресейде балаларға энергетикалық сусын сатқаны үшін айыппұл енгізілді. Енді мұндай бұзушылық үшін үш миллион теңгеден астам айыппұл салынуы мүмкін. Тиісті заңға ел президенті Владимир Путин қол қойды.

Сондай-ақ көлемі 500 миллилитрден асатын банкаларды сатуға тыйым салынды. Бұл шаралар көмелетке толмағандардың денсаулығын сақтауға бағытталған. Жергілікті биліктің айтуынша, энергетикалық сусындарды ішу жүрек-қан тамырлары ауруларына және артық салмаққа әкеліп соқтырады. Елде балаларға сергітетін сусындарды сатуға тыйым салу наурыз айынан бастап күшіне енгенімен, жазалау шаралары енді ғана күшіне енді.

АҚШ-ҚА КІРУГЕ ТЫЙЫМ САЛДЫ

АҚШ президенті Дональд Трамп 12 елдің азаматтарына АҚШ-қа кіруге тыйым салатын жарлыққа қол қойды.

РИА Новости мәліметінше, сыртқы саясатты, ұлттық қауіпсіздікті және АҚШ-тың терроризмге қарсы күрес мақсатын ескере отырып, мына 12 елдің азаматтарына АҚШ-қа кіруге толық тыйым салуды және шектеу енгізуді ұйғарылған: Ауғанстан, Мьянма, Чад, Конго Республикасы, Экваторлық Гвинея, Эритрея, Гаити, Иран, Ливия, Сомали, Судан және Йемен.

Жарлықта бұл шектеулер АҚШ-қа иммиграциялық және бейиммиграциялық визалар бойынша келетін шетелдіктерге қатысты екені нақтыланған. Трамп жеті елдің, Бурунди, Куба, Лаос, Сьерра-Леоне, Того, Түрікменстан және Венесуэла, азаматтарына АҚШ-қа кіруге ішінара шектеу қойды.

ГРУЗИЯ ЕЛДЕ БОЛУ ТӘРТІБІН ҚАТАНДАТПАҚ

Грузияның Қылмыстық кодексіне жазаның жаңа түрі – шетел азаматын елден шығару, сондай-ақ елге кіруге тыйым салу енгізіледі.

Басылымның хабарлауынша, Грузия басшылығы шетел азаматтарының елде болу тәртібін қатаңдатады, Қылмыстық кодекске жазаның жаңа түрі – шетелдікті елден шығару және белгілі бір мерзімге елге кіруге тыйым салу енгізіледі. Бұл туралы «Грузин арманы» деп аталатын билік партиясының атқарушы хатшысы Мамука Мдинарадзе мәлімдеген.

«Қылмыстық кодекске жазаның жаңа түрі – шетелдіктерді Грузиядан шығару және белгілі бір мерзімге Грузияға кіруге тыйым салу енгізіледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске де әкімшілік жазаның жаңа түрі – шетелдікті Грузиядан шығару және шетелдіктің Грузияға келуіне тыйым салу енгізіліп жатыр», - деді Мдинарадзе брифингте.

Оның айтуынша, Грузияда болу ережесін бұзған шетелдіктерге салынатын айыппұл да айтарлықтай артып, заңсыз иммигранттарды елден шығару процедурасы жеңілдетіледі. Айта кетейік, Қазақстан Республикасы елшілігінің сайтында көрсетілгендей, Грузияға кіру үшін Қазақстан Республикасы азаматының (соның ішінде 16 жасқа дейінгі балалар) ұлттық төлқұжаты болуы керек. Қазақстан азаматтарына Грузияға кіру үшін виза қажет емес. Қазақстандықтар Грузияда бір жыл визасыз бола алады.

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 11 маусымдағы № 2090 қаулысы

Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 10 маусымдағы № 01-03/611 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы Танкенова Сәрсенкүлдің уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығындағы Қызылорда қаласы, Сол жағалау шағын ауданы, нөмірсіз мекенжайында орналасқан көлемі 1709,0 (бір мың жеті жүз тоғыз) шаршы метр көп қабатты тұрғын үй құрылысы үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-086-767) жер учаскесін автотұрақ салу үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 12 қыркүйек болып белгіленсін.

3. Жер учаскесінің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Аким города Кызылорда

Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда №2090 от 11 июня 2025 года

О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорды Кызылординской области», а также рассматрив письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда № 01-03/611 от 10 июня 2025 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием участка для строительства автостанкии собственника или негосударственного землепользователя Танкенова Сәрсенкүлна праве временного возмездного землепользования (аренды), расположенный по адресу: город Кызылорда, микрорайон Левый берег, без номера (кадастровый номер 10-156-086-767), площадью 1709,0 (одна тысяча семьсот девять) квадратных метров для строительства многоэтажного жилого дома.

2. Датой принудительного отчуждения определить 12 сентября 2025 года.

3. Местом обращения собственника земельного участкаили негосударственного землепользователя определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаева, № 43, кабинет № 13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жалағаш аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне конкурс жариялайды.

Конкурс өткізілетін күн: Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізілетін орыны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №207 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: «Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Н. Мырзалиев көшесі, №73 тұрғын үй емес мекенжай, байланыс телефоны: 8 (72-431) 21-6-60, e-mail: zhalagashcbr85@mail.ru денсаулық сақтау басқармасының «Жалағаш аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Негізгі қызметі: облыс халқына мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету.

Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша жұқке (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
6) Кодекстің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыйбалас жемқорлық құқық бұзушылықтары

жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын («Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы;

2) «_____ - мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «_____ дейін ашуга болмайды» (шақыруда немесе мерзімдік басылымда көрсетілген конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы. 27-үй мекен-жайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-04-51 (3007).

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Жалагашская районная больница» управления здравоохранения Кызылординской области.

Дата проведения конкурса: по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет № 207.

Наименование предприятия с указанием места нахождения почтового адреса, телефона: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Жалагашская районная больница» управления здравоохранения Кызылординской области, 120200, Кызылординская область, район Жалагаш, поселка Жалагаш, улица Н. Мырзалев №73, контактный телефон: 8(72-431) 21-6-60, e-mail: zhalagashcbr85@mail.ru

Основная деятельность: оказание специализированной и высокоспециализированной медицинской помощи населению области. Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательный

совет в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

1) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;

2) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;

3) членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

Перечень документов, которые необходимо представить для участия в конкурсе:

1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
2) резюме на казахском и русском языках;
3) автобиография (в произвольной форме);
4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
5) копия документа о высшем образовании;
6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Кодекса;

7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданных территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикаций, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: "Оригинал". На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны:

1) быть адресованы уполномоченному органу соответствующей отрасли (местному исполнительному органу) по адресу, указанному в приложении или информации в периодической печати;

2) содержать слова "Конкурс членов наблюдательного совета государственного предприятия _____

" и "Не вскрывать до _____" (дата и время вскрытия конвертов, указанных в приглашении или информации в периодической печати).

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в течение 30 календарных дней с момента публикации данного объявления в управлении здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

Телефон для справок: 8 (7242) 40-04-51 (3007).



«ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІГІ АЙЛЫҒЫ» ЖӘНЕ «5-МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ ӨТТІ



«Байкен-У» ЖШС «Харасан-2» кенішінде еңбекті қорғау жүйесін басқарудың тиімділігін жоғарылату, өндірістік объектілерде еңбек және жұмыс орындарындағы қауіпсіз жағдайларын жақсарту мақсатында, ағымдағы жылдың 28 сәуірінен бастап 30 мамырына дейін «Өндірістік қауіпсіздік айлығы» ұйымдастырылып өткізілді. «Өндірістік қауіпсіздік айлығы» аясында өндірістегі жазатайым оқиғалардың, жол-көлік оқиғалары мен



оқыс оқиғалардың алдын алу және болдырмау, қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету мәселелеріне барлық қызметкерлерді тарту мен бейімдеу, өндірістік қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыруға бағытталған түрлі іс шаралар, өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша әңгімелесулер мен жиналыстар да өткізілді. Сонымен қатар, «5-маусым - Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне» орай кеніш жұмысшыларының балалары арасында «Менің экологиялық ізім» атты шығармашылық байқауы, ал жұмысшылар арасында «Қалдықтарға екінші өмір», «Жабайы табиғатта фотоаңшылық» атты байқаулар және экологиялық насихаттау жұмыстары жүргізіліп, аумақты көгалдандыру мен абаттандыру секілді акциялар өтті.



Ағымдағы жылдың 5-маусым күні мекеме басшылығының төрағалығымен аталған іс-шараларды қорытындылау үшін кеніште жиналыс өткізілді. Барлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша белсенділік танытқан жұмысшыларға «Өндірістік қауіпсіздік саласындағы үздік жұмысшы» және «Өндірістік қауіпсіздік



саласындағы үздік учаске» атты номинациялар бойынша бағалы сыйлықтар мен қаржылай ынталандыру сыйақылар және экологиялық



байқауларға қатысқан жұмысшыларға мен балаларға ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Іс-шара соңында Серіктестік басшысы «Байкен-У» ЖШС өз қызметінде адам және қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басты және ерекше көңіл бөлетінін және осы тұрғыда экологиялық және өндірістік мәдениетімізді көтеруге, жауапкершілігімізді сезінуге, түрлі іс-шаралардың үздіксіз жүргізілуі үрдіске айналғанын және олардың әрі қарай жалғасын табатынын атап өтті.

«Байкен-У» ЖШС «Харасан-2» кенішінің өндірістік қауіпсіздік бөлімі



Адам бойында кейде өзі де біле бермейтін ерекше қасиет болады. Жүрегі алқын-жұлқын соғып, өмірді өзгеше көзбен көру, өзгеше сезіне бастау секілді. Ол қасиет қайдан, неден туарын кім білсін?! Бәлкім, жазушы, ғалым, Тұрсын Жұртбай айтқанындай, жетімдіктің ашы дәмін сезініп, ерте есейгеннен болар, бәлкім, тәңірдің тағдырына тартуы ма?.. Көркем шығармадан жанымға жылу ала бастадым. Қиялым қанаттанып, арманым алыс-алыс асуларға аса берді.

Қыстың суық күні еді. Сол бір кітап жанымнан табылды. Кездейсоқ көзім түскен қоныр кітаптан көз алмай оқи бастадым. Өз жанымның жалғыздығын, қорғаныссыздығын оқып отырғандай бола бердім. Алғашқы әңгіме, қорғаныс қалған үш әйел жайлы. Автор әңгіме басын сол маңайда туған, жасынан батыр болып, елін қорғаған Күшікбай батыр туралы хикаямен тарқатады. Бүгінде сол жер «Күшікбай кезеңі» деп аталады екен.

Кейіпкерлер тағдырының ауырлығын қыстың қаңтар айындағы ұйытқи соққан долы боранымен қатігез тағдырдың ауыр салмағын бейнесін әдемі ұштастырады. Тозығы жеткен тар үйде таудай уайым арқалаған үш мұнлық. Бірі – кәрі кемпір, бірі – қос жанарынан айырылған соқыр келін, үшіншісі – жас, балғын, бірақ жасынан жетім деген ауыр атты арқалаған Ғазиза қыз еді.

Шығарманың әр жолын оқыған сайын тамағымды әлдебір өкіс түйіп, жанарыма жас үйіріле берді. Ауыл сыртында жатқан қостөмпешік Ғазизаның әкесі Жұман мен бауыры Мұқаши айтқанда көз алдыма туған жерімдегі қала сыртында орналасқан көп бейіттің ішінде қалған отыз екіде үзілген анам Қамажай мен ғұмыры көбелектің ғұмырынан да қысқа болған өпкем Әсемгүлдің бейіті елестей берді. Үш мүсәлір әйелдің қайғы жұтып, қара жамылған шаңырағына келген құдайы қонақтан шығарма желісінен алыстап, өзімше қиялдап, үміттендім. Әлдеқандай жақсылық болып қалар, көмек қолын созар деген алдамшы сезім жылт ете қалды. Әжеңің көмек сұрай ағынан жарылғаны, оқырман маған одан бетер үміт берді. Бірақ... «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» деп атам қазақ бекер айтпағанын тағы бір мәрте түсіндім. Ойға батып, үнсіз отырған Ақан кемпірдің қайғысына қайрылмай, өзінің арам пиғылының сұлбасын сызып отырғаны бойында тектіліктің тамшыдай да белгісі жоқ екенін аңғартады.

Сөйтіп, қаһарлы қыстың құшағында қасірет құшып, қорлық көрген Ғазизаның тірден қайыр таппай, молаға асыққан қасіретті қадамын естігендей, аппақ қарға түскен әр іздің қайғы арқалағанын көзіммен көргендей күй кештім. Қасіретке қайғы қосып, сүрінгенге сүйеу болмайтын озбырлықтың мына өмірде бізбен бірге әлі күн кешіп келетіні қынжылтты. Пәктік пен тазалықтың кіршіксіз келбетіне тез дақ түсетіні, зұлымдардың залым пиғылы аңғал адамның сорына бастайтыны санама салмақ түсірді. Ғазизамен бірге мына әлем де бейшара күйге еніп, шарасыздықтан сан мәрте егіліп жылағандай, күңіреніп долданғандай көріне берді. Әке бейітінің қасында ақ адал қалпы мына жалғанды қиып кете барған нәзік әрі қайсар қыздың қылығына қайран қала бердім. Бұл Мұхтар Әуезовтың «Қорғаныссыздың күні» атты әңгімесі еді. Әңгімені мектеп қабырғасында жүріп оқығаннан кейін біраз жылды артқа тастап тағдырдың айдауымен Шығыстың жері, бүгінде Абай облысы аталған Семей қаласына келін болып түстім. Сәті түсіп, Күшікбай кезеңіне табаным тиді. Санама сол кезде сарт етіп оралғаны Әуезовтың әсерлі әңгімесі болды. Қанша жыл өтсе де, салмағы санама қатты батыпты. Ғазиза қыздың тағдырын одан кейін қанша қыз басынан өткізген болар, ал сол опасыздықты жасаған адамдарға не болды екен?.. Ойлаудың өзі қорқынышты.

Адам табиғаттың бөлшегі. Тіршілік табиғат ананың құшағында өрбиді. Әуезов әңгімелері де табиғат пен адамды ұштастырып, біріне-бірің жалғаумен әсерлі. Әйтсе де, табиғаттың да адам өзгерте алмайтын заңы бар. Мәселен, күн мен түнді ауыстыру немесе өлім мен өмірді өзгерту секілді. Және бір бұлтартпас тәртібі түз тағысын бауырына басқан адамның қателігі. «Көксере» – бір қарағанда балаларға арналған шығарма іспетті. Кейіпкері – кішкене Құрмап. Оның мейірімді жүрегі, достыққа деген адалдығы кез-келген балаға үлгі боларлықтай қасиет. Ал бөріге ондай қасиет дарымаған, оның таным-түйсігі мүлдем белек. Ол күн көруі үшін жемтік іздейді, бір қарағанда кішкентай құнды, қозы-лақты аяусыз өлтіріп жатқанға ұқсайды. Ал шынында адам мен қасқырдың айырмасы не? Сол малды адам да жеу үшін өсіреді. «Сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ» деп айтқаны үшін немесе Алла о бастан малды сол үшін жаратқан деумен ақталу әбестік пе, әлде менікі құр сандырақ па кім білсін?..

Әлқисса. Көксере кішкене күнінен бауырына басып, сол үшін әженің құшағынан шығып, кеткен кішкентай Құрмап түбінде сол қасқырдың азуынан көз жұмады. Бауырына басқаны үшін, итағына ас құйғаны үшін қасқыр адамға не істеу керек еді? Оның түйсігінде табиғат ана жасап берген хайуандық қасиет бар. Ол сол үшін де түзде еркін өмір сүреді. Ал адамдардың хайуанға айналып, айдалада жазықсыз жатқан қасқырдың күшігін тірідей атып кетуі не? Оның обалын кім өтейді? Бәлкім, өмірде мұндай жағдайлар мүлде өзгеше дамып, соңы дәл мұндай трагедияға ұшыратпас. Бірақ автор таңдаған бұл сюжет оқырманға әлдебір

өзгеше, терең ой салғаны белгілі.

Құрмаптың азапты қазасынан соң, балалар аман болса екен, хайуандық басқа теппесе екен деген тілек тілге іліне берді. Өмірде бәрі өз ағымымен өте берсе, ешкім жыламаса, ешкім азап шекпесе, ғұмырдың бейнесі адамдар көзіне қандай болып көрінер екен?.. Жақсылықты көру үшін жамандықтан таяқ жеп, мейірімді бағалау үшін қатігездікке тап болу да – өмірдің біз білмеген заңы ма, кім білсін? Жетім деген аты жаман, заты ауыр атаққа адам өзі тіленіп алмайды. Тағдыр басқа салады, өмір өз ағынымен кезіктіреді әрі өзі емдейді. Ал кейде...

Келесі әңгіменің кейіпкері – Қасым атты он бір жасар бала. Ол әуелі бақытты ғұмыр кешіп жүріп, балалықтың бал дәмінен әсте айырылып, бірден азап есігіне кіріп кеткен бейшара еді. Бұл әңгімені автордың сол заманда жетімдер көбейіп, өз туғанын сыртқа тепкен жауыз адамдардың кеспірін қорғеннен кейін қаламына тиек еткені болар деп топшылады. Қасым әке-шешеден қатар айырылып, бір жылдан соң жалғанда қалған жалғыз сүйеушісі әжесінен айырылады. Баланың еншісінде қалған біраз малға қызығып, оны Иса атты жамағайын туысы асырап алады. Аманатқа қиянат жасаған Иса, бірақ өзінің арам ниетіне еш қымсынды өмір сүре берді.

Автор әңгімеге ерекше стиль таңдап, дәл бүгінгі сәт пен өткенге лирикалық шегініс жасауды шебер пайдалана отырып бір баланың, бір отбасының, бір ұлттың тағдырын жеткізеді. Кейіпкер жетім бала адамдар арасынан мейірім таппай, қайырымсыз жандардың кесірінен мына әлемнен бөзіп, алысқа, әкешесі бейітіне қарай жөнеледі. Тау ішінде кезінде өзі естіген ертегілер кейіпкерлері жын-перілердің түн ішінде алдынан шыға келетінінен шошып, өз қиялынан өзі үркіп, ақыры жүрегі жарылып өледі. Өлімге қарай жақындап келе жатқан адамның жас шамасына қарай ойына не оралады екен деген сұраққа жазушы бала санасы өлімді өзге әлемнің есігіне ену іспетті, жаңа бір тіршіліктің – басталатыны сияқты қабылдайтынын айтады.

Біздің дәл осы күнті өмірімізде жетімдер өте көп. Жетім бала, жетім шал, жетім кемпір, жетім тағдыр... Мейірім артта қалып, мейірімсіздік алға шықты. Қоғамдағы жайбарақат ғұмыр кешкен, немқұрайлы тірлік жалғаған жандарды оятайын, ойлантатын «Жетім» әңгімесінің жай-жапсары осы.

Әуезов әлемі – сыры терең, берері мол, жетім әлем. Әдебиет айдынында ерекше шығармалар жазып, оқырманға ой азық беріп отырып, өлшеусіз бақыт сыйлайтын автор аты мәңгілік болғай.

А. ҚИЫҚБАЙ
жазушы

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақшыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибащ ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байұрсын көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №127

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/